

№ исх: ДС-153 от: 01.06.2017

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы**



**Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Астана, Парламент Мәжілісі

200\_\_ жылығы “\_\_\_\_\_” \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

Астана, Мажилис Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 200\_\_ года  
№ \_\_\_\_\_

*2017 жылғы 31 мамырда жарияланды*

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Б.Ә. Сағынтаевқа**

**Депутаттық сауал**

**Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!**

Өзіміздің сауалымызда біз Сіздің назарыңызды, тұтастай алғанда, еліміз бойынша үй лифтілеріне қызмет көрсету саласында қалыптасқан қолайсыз жағдайға аударғымыз келіп отыр.

Мәселен, Астанада соңғы 5 айдың ішінде ғана лифтілер құлаған 3 жағдай орын алды, ондағы адамдар дене және моральдық жарақат алып, Құдайдың арқасында ғана аман қалды. Тұтастай алғанда, соңғы жылдың ішінде астанада лифтілерді пайдаланудағы іркілістерге байланысты 30-дан астам оқиға тіркелді.

Еліміздің басқа қалаларындағы лифтілерге байланысты жағдай да дәл осындай десе болады. Мысалы, Павлодарда бір айдың ішінде 25 – 27 авариялық шақыру орын алады. Оралда 6 жылдың ішінде небәрі 7 лифтіні ауыстыру жүргізілген, ал Алматыда тіпті лифт тетіктерінің 70 %-ға жуығы ауыстыруды талап етеді. Шымкентте де осы салада күрделі жағдай байқалады. Лифтілердің шамамен 80 %-ы осыдан көп уақыт бұрын тиесілі пайдалануға арналған 25 жыл мерзімінен асып түсіп, қайғылы оқиғаларға әкеп соқпайынша, жұмыс істеуін жалғастырып жатыр.

Статистикаға сәйкес қазіргі таңда республиканың тұрғын үй саласында шамамен 6000 лифт өзінің нормативтік пайдалану мерзімінен асып түсті және бірінші кезектегі ауыстыруды талап етеді. Бұл ретте, үйлердің тұрғындары міндетіне лифтілерге сапалы техникалық қызмет көрсету кіретін лифт

компанияларының қызметтеріне ай сайын ақы төлейді. Лифтке қызмет көрсететін компаниялардың өз функцияларын адал орындамауы, әдетте, бір нәтижеге – апаттылықтың өсуі мен жазатайым оқиғаларға алып келеді.

Қалыптасқан практика Қазақстанда лифт жабдығын монтаждаумен, пайдаланумен және оның жай-күйіне сараптама жүргізумен тек жеке компаниялар ғана айналысатынын көрсетіп отыр. Лицензиялаудың болмауы жағдайында олардың нарықтағы саны қарқындап артып келеді. Олардың арасында бір күндік компаниялар да аз емес. Не материалдық-техникалық базасы, не тәжірибесі, не кәсіби кадрлары болмай және көпшілік жағдайда, қарапайым түрде пәтерлер меншік иелелерінің кооперативтерін қызметтерінің төмен бағасымен өзіне тартып, олар адамдардың қауіпсіздігіне тікелей байланысты жұмысты орындауға кіріседі. Дәл осындай компаниялардың қызметі, көбінесе, азаматтардың тарапынан елеулі наразылықтар туғызады.

2009 жылдан бері лифт жабдығы мен көтеру тетіктерін пайдалану бойынша қызмет көрсететін компанияларды міндетті лицензиялау таратылды, ал 2012 жылы бизнес үшін әкімшілік кедергілерді азайту шараларының «аясына» көтеру тетіктерін монтаждау (жөндеу) саласы да ұшырады.

Бұл ретте, ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату жөніндегі шаралар туралы» № 898 Жарлығында техникалық құрылғыларды бақылауды жергілікті деңгейге беру қажеттілігі қамтамасыз етілген. Алайда, ҚР ИДМ Индустриалды даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті «тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілері» деген жаңа жалпылама терминді енгізді, бұл өкілеттіктерді бөлу кезінде белгілі бір қызмет салаларын айқындауда түсінбестік туғызды.

Біріншіден, «тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілері» термині қандай нақты қызмет саласы жөнінде айтылып отырғаны туралы нақты түсінік бермейді. Яғни, бұл жерге барлығын – пандустарды, аула ішіндегі аумақтарды, домофондарды және басқаларын жатқызуға болады, бірақ әңгіме дәл осы лифт шаруашылығы туралы болып отырғанын біреуге дәлелдеу мүмкін болмайды.

Басқа проблема – функциялардың қайталануы. Қалалық тұрғын үй инспекциясындағыдай бөлімдер ҚР ИДМ Индустриалды даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің аумақтық бөлімшелерінде де бар. Алайда, соңғысында жұмыскерлердің штаты – 6 адам, ал қалалық бөлімде небәрі 2 маман ғана.

Әкімдіктің мониторинг пен бақылаудың толық құқығымен жұмыс істей алуы үшін, көріп отырғанымыздай, Кәсіпкерлік және Әкімшілік кодекстерге тиісті түзетулер енгізу қажет. Құқықтық реттеу жүйесіне қосылмай, мемлекеттік биліктің жергілікті органы қадағалау және нарыққа жосықсыз қатысушыларды жазалау жөнінде шара қабылдау функцияларын жүзеге асыра алмайды, тиісінше – адамдардың тіршілік қызметін қамтамасыз етудің осы саласын сапалы дамыту процестеріне ықпал ете алмайды.

Қалыптасқан жағдай жауапты орган жергілікті деңгейде іс жүзінде әрі заң тұрғысынан өзінің өкілеттіктері саласында қадағалауды жүзеге асыру құқығы мен мүмкіндігінен айырылған. Бұл жерден қазіргі таңда Астанада да, Республиканың басқа қалаларында да лифт компанияларына шынайы мемлекеттік бақылауды де-

факто жүзеге асыратын құрылым жоқ екені келіп шығады, өйткені, Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармалары өз міндеттерін толық көлемде орындамай отыр.

### **Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!**

Біз еліміздегі лифт шаруашылығының жай-күйіне назар аударуыңызды сұраймыз, себебі, бұған көптеген адамның өмірі байланысты болып отыр.

Осыған байланысты, Республиканың бүкіл аумағы бойынша лифтілерді пайдалану кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, олардың жай-күйіне толық ауқымды әрі егжей-тегжейлі тексеру жүргізу және осы салада бақылауды жүзеге асыруға тиіс барлық құрылымдардың өкілеттіктерімен бірге қалыптасқан жағдайды зерделеу керек. Лифт шаруашылығының жұмыс істеуін түбегейлі жақсартуға және оның пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ лифтілерге жосықсыз әрі сапасыз қызмет көрсеткені үшін жауаптылықты арттыруға бағытталған нақты шараларды белгілеп, жүзеге асыру қажет.

Жауабын «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабының 4-тармағына сәйкес жазбаша нысанда беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,  
Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары**

**Ш. Хахазов**

**В. Божко**

**Н. Жұмаділдаева**

**Р. Ким**

**Н. Микаелян**

**А. Мурадов**

**Ш. Нурумов**

**Ю. Тимощенко**

№ исх: ДС-153 от: 01.06.2017

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы**



**Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Астана, Парламент Мәжілісі

200\_\_ жылығы “\_\_\_\_\_” \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

Астана, Мажилис Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 200\_\_ года  
№ \_\_\_\_\_

*Оглашен 31 мая 2017 года*

**Премьер-Министру  
Республики Казахстан  
Сагинтаеву Б.А.**

**Депутатский запрос**

**Уважаемый Бакытжан Абдирович!**

В своем запросе мы хотели бы обратить Ваше внимание на неблагополучную ситуацию, сложившуюся в сфере обслуживания домовых лифтов в целом по стране.

Так, в Астане только за последние 5 месяцев произошло 3 случая падения лифтов, где люди чудом остались живы, получив при этом физические и моральные травмы. В целом за последний год в столице было зафиксировано более 30 инцидентов, связанных со сбоями эксплуатации лифтов.

Не менее остро ситуация сложилась с лифтами и в других городах страны. Например, в Павлодаре в течение одного месяца происходит более 25 аварийных вызовов. В Уральске за 6 лет произведена замена всего 7 лифтов, а в Алматы и вовсе порядка 70% лифтовых механизмов требуют замены. В Шымкенте также наблюдается критическое положение дел в этой сфере. Около 80% лифтов давно превысили положенный 25-летний срок эксплуатации, и продолжают работать, пока не повлекут за собой трагические события.

Согласно статистике на сегодняшний день в жилищной сфере республики около 6000 лифтов превысили свой нормативный срок эксплуатации и требуют первоочередной замены. При этом жильцы домов ежемесячно оплачивают услуги лифтовых компаний, в обязанность которых входит качественное техническое обслуживание лифтов. Недобросовестное исполнение своих функций лифтообслуживающими компаниями, как правило, приводит к одному результату – росту аварийности и несчастным случаям.

Сложившаяся практика показывает, что монтажом, эксплуатацией лифтового оборудования и экспертизой его состояния в Казахстане занимаются исключительно частные компании. В условиях отсутствия лицензирования их численность на рынке растет стремительными темпами. Среди них немало компаний-однодневок. Не имея ни надлежащей материально-технической базы, ни опыта, ни профессиональных кадров и в большинстве случаев банально подкупая КСК низкой ценой своих услуг, они берутся выполнять работу, непосредственно связанную с безопасностью людей. Деятельность именно таких компаний зачастую вызывает у граждан серьезные претензии.

С 2009 года было упразднено обязательное лицензирование компаний, предоставляющих услуги по эксплуатации лифтового оборудования и подъемных механизмов, а в 2012 году под «ножницы» мер снижения административных барьеров для бизнеса попала и сфера монтажа (ремонта) подъемных механизмов.

Между тем в Указе Президента РК № 898 «Об ограничении полномочий между центральными и местными исполнительными органами» обусловлена необходимость передачи контроля над техническими устройствами на местный уровень. Однако Комитет по индустриальному развитию и промышленной безопасности МИР РК ввел новый обобщающий термин «объекты ЖКХ», что внесло путаницу в определение тех или иных сфер деятельности при разделении полномочий.

Во-первых, термин «объекты ЖКХ» не дает четкого понимания о какой конкретной сфере деятельности идет речь. То есть, сюда можно отнести все, что угодно – пандусы, внутридворовые территории, домофоны и прочее, но доказать кому бы то ни было, что речь идет именно о лифтовом хозяйстве, невозможно.

Другая проблема – дублирование функций. Такие же отделы, как у городской жилищной инспекции, есть и у территориальных подразделений Комитета по индустриальному развитию и промышленной безопасности МИР РК. Только в последнем штат работников - 6 человек, а у городского отдела всего 2 специалиста.

Для того, чтобы акимат мог работать с полным правом мониторинга и контроля, как оказалось, нужно внести соответствующие поправки в предпринимательский и административный кодексы. Не будучи включенным в систему правового регулирования, местный орган государственной власти не может осуществлять функции надзора и принятия мер по наказанию недобросовестных участников рынка и, соответственно – влиять на процессы качественного развития этой сферы обеспечения жизнедеятельности людей.

Сложившаяся ситуация свидетельствует о том, что ответственный орган на местном уровне фактически и юридически лишен права и возможности осуществлять надзор в сфере собственных полномочий. Отсюда следует, что на сегодняшний день нет структуры, которая де-факто осуществляла бы реальный государственный контроль над деятельностью лифтовых компаний как в Астане, так и в других городах Республики, поскольку Управления ЖКХ не исполняют своих обязанностей в полном объеме.

**Уважаемый Бакытжан Абдирович!**

Мы просим Вас обратить внимание на положение лифтового хозяйства в стране, так как от этого зависят жизни многих людей.

В связи с этим нужно провести полномасштабную и тщательную проверку состояния с обеспечением безопасности при эксплуатации лифтов по всей территории Республики и изучить ситуацию с полномочиями всех структур, призванных осуществлять контроль в указанной сфере. Наметить и осуществить конкретные меры, направленные на кардинальное улучшение функционирования лифтового хозяйства и обеспечения контроля за его эксплуатацией, а также повышения ответственности за недобросовестное и некачественное обслуживание лифтов.

Ответ просим дать в письменной форме в соответствии с пунктом 4 статьи 27 Конституционного Закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов».

С уважением,

**Депутаты Мажилиса Парламента**

**Республики Казахстан**

**Ш.Хахазов**

**В. Божко**

**Н. Жумадилаева**

**Р. Ким**

**Н. Микаелян**

**А. Мурадов**

**Ш. Нурумов**

**Ю. Тимощенко**